

Первый раз в первый класс!

Уважаемые родители будущих первоклашек! Поздравляем вас и ваших детей со столь значимым событием, как начало школьной жизни! Школьная пора одна из самых ярких и интересных. Пусть она будет творческой и плодотворной для детей!

Школы Карабалыкского района обеспечивают приём в первый класс всех детей, проживающих на территории района, достигших шести лет к 01 сентября очередного учебного года и до конца календарного года, то есть с сентября по декабрь, независимо от уровня подготовки.

Приём заявлений от родителей или других законных представителей детей, поступающих в первый класс, производится с 01 апреля до 31 августа текущего года.

Что нужно знать вам, родителям будущих первоклассников?

Документы можно подать двумя способами. Первый - через портал электронного правительства egov.kz, при этом вам, родители, или законному представителю в «личный кабинет» направляется уведомление - отчёт о принятии запроса для оказания государственной услуги в форме электронного документа, удостоверенного ЭЦП.

Второй способ - через электронный портал «SAKURA: электронная школа», где можно увидеть и количество свободных мест. Все документы нужно подготовить и отсканировать заранее, потому что на заполнение заявки даётся время 20 минут.

Портал работает круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ. Если обратились после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни, то, согласно Кодексу, приём заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги будут осуществляться следующим рабочим днём.

Какие документы нужно подготовить для зачисления ребёнка в первый класс?

Во – первых, свидетельство о рождении ребёнка.

Во – вторых, прививочный паспорт (форма № 065/у).

В – третьих, паспорт здоровья ребёнка (форма 052 - 2/у).

Четвёртый документ - цифровая фотография ребёнка 3х4 в количестве 2 штук.

Пятый документ (если есть в нём необходимость) - заключение психолога – медико - педагогической комиссии (для ребёнка с особыми образовательными потребностями).

При этом если будут проблемы при работе с информационными системами, обращайтесь в школу, и вам обязательно помогут подать заявление.

Уважаемые родители первоклассников п.Карабалык! Обращаюсь, в первую очередь, к вам: рассмотрите возможность получения образования на государственном языке в комфортной школе с государственным языком обучения, в которой созданы самые наилучшие условия для получения качественного образования. И ещё хотела отметить, что, несмотря на то, что зачисление в первый класс проводится до 31 августа, количество класс -

комплектов в школах районного центра ограничено, и свободные места заполняются значительно раньше даты окончания приёма. Поэтому, чем раньше вы подадите заявление, тем выше возможность поступления в удобную для вас и вашего ребёнка школу.

С полученным направлением и оригиналами документов вы, уважаемые родители, должны пойти в школу, которая заключит с вами договор образовательных услуг.

Для того чтобы документы для оказания государственной услуги были приняты сразу же, необходимо их соответствие требованиям, установленным Типовыми правилами приёма на обучение в организации образования.

Таковы, уважаемые родители, правила и условия приёма в 1 класс. Мы ждём вас!

Руководитель отдела образования Сапанова Дильнара Сембеевна

Бірінші сыныпта бірінші рет!

Құрметті болашақ бірінші сынып оқушыларының ата - аналары! Сіздерді және сіздердің балаларыңызды мектеп өмірінің басталуы сияқты айтулы оқиғамен құттықтаймыз! Мектеп кезеңі - ең жарқын және қызықты кезеңдердің бірі. Мектеп балалар үшін шығармашылық және жемісті болсын!

Қарабалық ауданының мектептері аудан аумағында тұратын, кезекті оқу жылының 01 қыркүйегіне дейін және күнтізбелік жылдың соңына дейін, яғни даярлық деңгейіне қарамастан, алты жасқа толған барлық балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

Бірінші сыныпқа түсетін балалардың ата - аналарынан немесе басқа заңды өкілдерінен өтініштер ағымдағы жылдың 01 сәуірінен 31 тамызына дейін қабылданады.

Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына не білу керек?

Құжаттарды екі жолмен беруге болады. Біріншісі - egov.kz. электрондық үкімет порталы арқылы беруге болады, бұл ретте ата - аналар, Сіздерге немесе заңды өкілге «жеке кабинетке» ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама - есеп жіберіледі.

Екінші әдіс – «SAKURA: электрондық мектеп» электронды порталы арқылы, онда сіздер бос орындардың санын көре аласыздар. Барлық құжаттарды алдын-ала дайындап, сканерлеу керек, өйткені өтінімді толтыруға 20 минут уақыт беріледі.

Жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, портал тәулік бойы жұмыс істейді. Егер жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген болсаңыз, онда Кодекске сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Балаларды бірінші сыныпқа қабылдау үшін қандай құжаттар қажет?

Баланың туу туралы куәлігінің сканерленген көшірмесі.

Баланың денсаулық жағдайы туралы анықтаманың сканерленген көшірмесі (№ 065/у нысаны).

Үшіншіден, бала денсаулығы паспортының сканер - көшірмесі (052 - 2/у).

Төртінші құжат - баланың цифрлық 2 фотосуреті 3x4.

Бесінші құжат (егер қажет болса) - психологиялық – медициналық - педагогикалық комиссияның қорытындысы (ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала үшін).

Сонымен қатар, ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу кезінде қиындықтар туындаса, мектепке хабарласыңыздар, сіздерге міндетті түрде өтініш беруге көмектеседі.

Құрметті Қарабалық кентінің бірінші сынып оқушыларының ата - аналары! Ең алдымен Сіздерге өтінішім: сапалы білім алуға барынша жағдай жасалған, мемлекеттік тілде оқытатын жаңа мектепте мемлекеттік тілде білім алу мүмкіндігін қарастырыңыздар. Бірінші сыныпқа қабылдау 31 тамызға дейін жүргізілетініне қарамастан, аудан орталығының мектептеріндегі сынып

жиынтықтарының саны шектеулі екенін және бос орындар қабылдау аяқталған күннен әлдеқайда ерте толықтырылатынына ата - аналардың назарын аударғым келеді. Сондықтан сіздер неғұрлым тезірек өтініш берсеңіздер, сіздерге және сіздердің балаларыңызға ыңғайлы мектепке түсу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Алынған жолдамамен және құжаттардың түпнұсқасымен сіздер, құрметті ата-аналар, сіздермен білім беру қызметтері туралы шарт жасасатын мектепке баруларыңыз керек.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар бірден қабылдануы үшін олардың білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігі қажет.

Бұл, құрметті ата - аналар, 1-сыныпқа қабылдау ережелері мен шарттары. Біз сіздерді күтеміз!

Қарабалық ауданы білім бөлімінің басшысы Сапанова Дильнара Сембейқызы